

Ауылдағы ауқымды шара

Целинный ауылында «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ ұйымдастыруымен Қостанай облысының 80 жылдығы, Арқалық қаласының 60 жылдығына орай «Өлкесі – тарих, даласы – дастан» атты көшпелі зерделі кеңесі болып өтті.

Биыл Қостанай облысының 80 жылдығы мен қаламыздың мерейтойына орай Орталық кітапханада көптеген іс – шаралар түрлі бағытты жоспарға сәйкес өткізілуде. Тәжірибе алмасу, туған өлкеміздің тарихын дәріптеу мақсатында өткен көшпелі кеңес бағдарламасымен кеңестің модераторы ОКЖ директорының м.а А. Досова кеңес қатысушыларын таныс етіп, құттықтау сөз сөйледі. Балалар бөлімінің кітапханашысы Н. Илендеев «Библиотека – центр краеведения» атты дайындаған баяндамасымен бөлісіп, Арқалық қаласының тарихы жайында жинаған іс-қағаздары туралы айтып өтті. Орталық кітапханада Родина ауылында 2012 жылдан бері



туған өлкенің тарихын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін зерттеу мақсатында «Жас ізкесушілер» атты клубы жас оқырмандармен жұмыс жасап келеді. Осы клуб жайлы Оқу залы бөлімінің кітапханашысы Қ. Дүйсенбаева баяндама оқып, іс – тәжірибелік жұмыстарын слайд арқылы ұсынды. Абонемент бөлімінің кітапханашысы қызықты психологиялық

тренинг өткізіп, кеңес қатысушыларын сергітіп алды. Целинный ауыл кітапханашысы А. Амиржанова «Сүйікті өлкем жүрегімде» атты тақырыптық кешімен бөлісті. Г. Қуанышова Қайыңды ауылының тарихы жайында айтып «Еңбегі ерен ардагерлер» атты іс-тәжірибесінен баяндама оқыды. Ауыл әкімі Қ. Айманова ауыл тарихына қысқаша шолу жасап, кітапхана

ұжымына ризашылығын білдірді. ОКЖ кітапханашысы Г. Мусабаяева «Менің туған өлкем» атты тақырыпта кітап көрмесіне шолу жасап көшпелі зерделі кеңесті аяқтады.

Қ. ДҮЙСЕНБАЕВА,
«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ оқу залы бөлімінің кітапханашысы.